

«Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша
«Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы
Басқармасының шешімімен
мақұлданды
(2018 жылғы «25» қазан №121 отырыс хаттамасы)

«Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша
«Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы
Директорлар кеңесінің шешімімен
бекітілді
(2018 жылғы «01» қараша №65 отырыс хаттамасы)

**«Халық-Life» АҚ пайдасына баланың қатысуымен өмірді аралас
(жинақтық) сақтандыру шарттары бойынша сақтандырушының
пайдасын бөлу
ЕРЕЖЕСІ**

**Бұл электрондық көшірме бекітілген құжаттың көшірмесі болып табылады. Құжат
01.11.2018ж. бастап қолданысқа енгізіледі. Баспа түрінде бұл құжат ақпарат үшін
қолданылады. Құжаттың көшірмесін растау үшін ПББ-ға жүгіну қажет.**

Құжаттың мазмұны

1- бөлім. Жалпы ережелер.....	3
1-тарау. Қолданылу мақсаты мен саласы	3
2-тарау. Терминдер мен қысқартулар	3
2-бөлім. Пайдану бөлу тәртібі	4
3-тарау. Сақтандыру дивидендін есептеу тәртібі	4
3.1-тарау. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру дивидендін есептеу	5
3.2-тарау. Өзгертілген Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру дивидендін есептеу	6
4-тарау. Бонустық сақтандыру сомасы мен бонустық сатып алу сомасын есептеу тәртібі	6
5-тарау. Пайданы бөлу мерзімі	8

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау. Қолданылу мақсаты мен саласы

1. «Халық-Life» АҚ пайдасына баланың қатысуымен өмірді аралас (жинақтық) сақтандыру шарты бойынша сақтандырушының пайдасын бөлу ережесі (бұдан әрі - Ереже) Компанияның пайдасына баланың қатысуымен өмірді аралас (жинақтық) сақтандыруды жүзеге асыру талаптарын белгілейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Компанияның сақтандыру ережелеріне сәйкес әзірленген.

2. Осы Ереже пайдаға баланың қатысуымен өмірді аралас (жинақтық) сақтандыру шарттары (бұдан әрі – Сақтандыру шарты немесе Полис) бойынша сақтандыру дивидендтерін, бонустық сатып алу сомасын және бонустық сақтандыру сомасын есептеу тәртібін анықтайды.

3. Бөлу нысаны ретінде Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес аудит жүргізілген, аяқталған қаржы (күнтізбелік) жылының қорытындысы бойынша инвестициялық қызметтен түсетін Компанияның пайдасы белгіленді. Егер Компанияның осындай бөлуден кейін шығыны болатын болса, Компанияның Сақтандыру шарты бойынша пайданы бөлуге құқығы жоқ.

4. Сақтанушылар арасында бөлінетін Компанияның пайдасының мөлшері туралы шешімді Компанияның Директорлар кеңесі қабылдайды.

5. Осы Ережелердің көшірмесі Сақтандыру шартын жасаған жағдайда Сақтанушыға беріледі.

2-тарау. Терминдер мен қысқартулар

6. Осы Ережеде осы Ережені жүзеге асыру мақсатында қолданылатын келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) актуарий – уәкілетті органның нормативтік актілерімен белгіленген актуарилерді оқытудың минималды міндетті бағдарламасы бойынша емтихан тапсырған жеке тұлға;

2) бонустық сатып алу сомасы – Сақтандырушының пайдасына қатысудан (ондай бар болса) түскен сақтандыру дивидендтерінің мөлшерінен анықталатын сатып алу сомасы;

3) бонустық сақтандыру сомасы – Сақтандыру шартымен кепілдік берілмейтін, сақтандыру жағдайы болған жағдайда, Сақтанушыға төленуі тиіс сақтандыру дивидендтерінің мөлшерінен анықталатын қосымша сақтандыру сомасы;

4) Сақтандыру шартының/Полистің бір жылдығы – Сақтандыру шартының әрекет ету мерзімі Сақтандыру шартының сақтандыру қорғанысы әрекет ету мерзіміне сәйкес келетін күн, Сақтандыру шартына қол қойған күн мен айға сәйкес келетін күн мен ай;

5) Сақтандыру шарты/Полис – Сақтандыру шартын жасау дерегін растайтын Сақтандырушының Сақтанушыға беретін жазбаша құжаты;

6) Сақтандырылған тұлға – сақтандыру жүзеге асырылатын тұлға;

7) Сақтанушы – Сақтандырушымен Сақтандыру шартын жасайтын тұлға;

8) Сақтандырушы – сақтандыруды жүзеге асыратын, яғни сақтандыру жағдайы туындағанда Сақтандыру шарты пайдасына жасалатын тұлғаға (Пайда алушы) Сақтандыру шартында белгіленген сома шамасында сақтандыру төлемін (сақтандыру сомасын) төлеуге міндетті «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы.

9) Сақтандыру дивидендтері – Сақтандырушының инвестициялық қызметтен түсетін пайдасынан пайда болған бөліс есебінен Сақтанушыға тиесілі, Сақтандыру шартымен кепілдік берілмейтін сома.

7. Қысқартулар:

1) Сақтандыру шарты – пайдаға баланың қатысуымен өмірді аралас (жинақтық) сақтандыру Шарты/Полис;

2) Компания – «Қазақстан Халық Банкінің өмірді сақтандыру бойынша «Халық-Life» еншілес компаниясы» акционерлік қоғамы;

3) Ереже – «Халық-Life» пайдасына баланың қатысуымен өмірді аралас (жинақтық) сақтандыру шарты бойынша сақтандырушының пайдасын бөлу ережесі.

2–бөлім. Пайданы бөлу тәртібі

3–тарау. Сақтандыру дивидендін есептеу тәртібі

8. Компания пайданың бір бөлігін Сақтандыру шартына осы Сақтандыру шартының пайданы қалыптастырудағы үлесін бағалауға тең бөледі.

9. Жыл сайын Компанияның пайдасына баланың қатысуымен өмірді аралас сақтандыру режелеріне сәйкес ережелерді ескере отырып, Компания Сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру дивидендтері түрінде бөлінуі тиіс пайданың бір бөлігінің сомасын (егер ондай бар болса) анықтайды. Сақтандыру дивидендтері қолданыстағы Сақтандыру шарттарының бір жылдығында есептеледі.

10. Сақтандыру шарты бойынша есептелген сақтандыру дивиденді бонустық сақтандыру сомасының көлемін қосымша қорғауды сақтандыру алу үшін бір реттік жарна ретінде пайдаланады.

11. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру дивидендін есептеу Полистің келесі жылына жеткенде жүргізіледі. Бұл ретте сақтандыру дивиденді сақтандыру сыйлықақысын мерзімді төлеген жағдайда екінші жылдың соңына дейін, сақтандыру сыйлықақысын бір уақытта төлеген жағдайда бірінші жылдың соңына дейін есептелмейді және Сақтандырылған тұлғаның мүгедектігіне алып келген жазатайым жағдайдан сақтандыру шарттарына сәйкес сақтандыру сыйлықақысын (сақтандыру жарнасын) төлеуден Сақтанушы босатылмайды.

12. Дивидендтерді, бонустық сақтандыру сомасын, бонустық сатып алу сомасын есептеу аяқталған қаржы (күнтізбелік) жылдың соңындағы (қаржы жылынан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша) жағдай бойынша жүргізіледі, бұл орайда Директорлар кеңесі Компанияның бөлінетін пайдасының мөлшері туралы шешім қабылдаған соң Полистің бір жылдығына келесі жағдайларда есептеледі:

1) егер Сақтандыру шарты пайданы бөлу жүргізілетін қаржы жылынан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша қолданыста болса және мерзімінен бұрын тоқтатылмаса;

2) егер Сақтандыру шарты пайданы бөлу жүргізілетін қаржы жылынан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша азайтылған сақтандыру сомасымен әрекет етсе;

3) егер Сақтандыру шартының қолданылу мерзімі Сақтандыру шартының бір жылдығында аяқталса және пайданы бөлу жүргізілетін қаржы жылынан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Сақтандыру шарты қолданыста болса және мерзімінен бұрын тоқтатылмаған болса немесе азайтылған сақтандыру сомасымен қолданылса;

4) егер Сақтандыру шарты бойынша бір жыл өткеннен кейін сақтандыру жағдайы (өлім) болса және пайданы бөлу жүргізілетін қаржы жылынан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Сақтандыру шарты қолданыста болса және мерзімінен бұрын тоқтатылмаса немесе азайтылған сақтандыру сомасымен әрекет етсе;

5) егер Сақтандыру шартын бұзуға өтініштегі күн Компанияның Директорлар кеңесі Компанияның пайдасын бөлу туралы шешім қабылдаған күннен кеш болса және Сақтандыру шартына бір жыл болса, сонымен қатар пайданы бөлу жүргізілетін қаржы жылынан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша Сақтандыру шарты қолданыста болса және мерзімінен бұрын тоқтатылмаса немесе азайтылған сақтандыру сомасымен әрекет етсе.

3.1–тарау. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру дивиденді есептеу

13. Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру дивиденді келесі формула бойынша есептеледі (1):

$$Div_{x+m} = (V_{x+m-1:n-m+1} + h * NP) * i', \quad (1)$$

мұндағы

Div_{x+m} – Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру дивидендінің абсолютті шамасы;

x – Сақтандыру кезеңінің басында Сақтандырылған тұлғаның жасы (жылмен);

n – Сақтандыру шарты шығарылған күннен бастап Сақтандыру шартының әрекет етуі аяқталған күнге дейін Сақтандыру шартына сәйкес сақтандыру кезеңі (жылдармен);

m – қолданыстағы Сақтандыру шарты бойынша Сақтандыру шарты шығарылған күннен бастап Сақтандыру шартының бір жылдығы бойынша сақтандыру дивиденді бөлу күніне дейінгі кезең (жылдармен);

i' – Компанияның Директорлар кеңесі бекітетін мөлшерлеме;

$V_{x+m-1:n-m+1}$ – табыстылық мөлшерлемесін (i), өлім кестесін (q_x) және Сақтандыру шартын шығарған күні сыйлықақыны есептеу кезінде пайдаланылған өзге өлшемдерді ескере отырып сақтандыру дивиденді бөлу ($m-1$) жүргізілетін Сақтандыру шартының жылдығынан бұрынғы Сақтандыру шартының жылдығына Сақтандыру шарты бойынша брутто-резерв;

$$NP = \frac{A_{x:n}}{\ddot{a}_{x:n}} * S - \text{жылдық нетто-сыйлықақы};$$

S – Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сомасы;

$\ddot{a}_{x:n} = 1 + \sum_{k=1}^{n-1} v^k * p_x$ – Сақтандыру шартын жасау кезіндегі жылдық нетто-сыйлықақының күтілетін қазіргі заманғы құны;

$A_{x:n} = v^n * 1/4 * (1 + v + v^2 + v^3)$ – оқуын сақтандырған жағдайда, Сақтандыру шартын жасау кезіндегі сақтандыру сомасының күтілетін қазіргі заманғы құны;

$A_{x:n} = v^n$ – Сақтандыру мерзімінің соңында төлеген жағдайда Сақтандыру шартын жасаған кезден бастап сақтандыру сомасының күтілетін қазіргі уақыттағы құны.

$$v = \frac{1}{1+i} - \text{дисконттау коэффициенті};$$

i – Сақтандыру шарты шығарылған күнге сыйлықақыны есептеу кезінде (пайызбен) қолданылатын табыстылықтың пайыздық мөлшерлемесі;

$p_x = 1 - q_x$ – Сақтандырылған тұлғаның x жастан $x+1$ жасқа дейін өмір сүру ықтималдығы;

q_x – Сақтандырылған тұлғаның x жастан $x+1$ жасқа дейін қайтыс болу ықтималдығы;

${}_n p_x = p_x * p_{x+1} * \dots * p_{x+n}$ – Сақтандырылған тұлғаның x жастан $x+n$ жасқа дейін өмір сүру ықтималдығы;

$$h = \frac{T2}{T1} - \text{нетто-сыйлықақының үлесін анықтайтын коэффициент};$$

T_2 - сақтандыру дивидендін бөлу жүзеге асырылатын Сақтандыру шартының жылдығынан бұрынғы Сақтандыру шартының жылдығынан бастап өткен күнтізбелік жыл аяқталған күнге дейін (қоса) аяқталған күндер саны;

T_1 - өткен күнтізбелік жылдағы күндер саны.

14. Есептеуде қолданылатын өлім кестесі мен өзге өлшемдер Сақтандыру шартын жасау кезіндегі көрсеткіштерге ұқсас (Полиске қол қойған күнге).

15. Сақтандыру дивидендін есептеу үшін қажетті барлық кіріс өлшемдері пайданы бөлу қорытындысы жүргізілген қаржы жылынан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша өзекті.

3.2–тарау. Өзгертілген Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру дивидендін есептеу

16. Сақтандыру шартының талаптары өзгерген жағдайда (сақтандыру сомасын өзгерткен кез келген өзгерістер) сақтандыру дивидендін есептеуде келесі формула бойынша есептелген нетто–сыйлықақы қолданылады:

$$NP' = \frac{A_{x+t:n-t} - NV_{x+t:n-t}}{\ddot{a}_{x+t:n-t}} * S' \quad (2)$$

мұндағы:

t – Сақтандыру шарты шығарылған күннен бастап Сақтандыру шарты өзгерген күнге дейінгі кезең (жылдармен), $t < m$;

S' – Сақтандыру шарты бойынша өзгерген сақтандыру сомасы;

$NV_{x+t:n-t}$ - Сақтандыру шартының t – жылдығына Сақтандыру шартының нетто-резерві, $t < m$.

17. Бір уақыттағы жарнамен немесе төленген Сақтандыру шартына аударылған (сыйлықақысыз) Сақтандыру шарты бойынша нетто –сыйлықақы нөлге тең.

18. Компанияның Директорлар кеңесімен бекітілген мөлшерлемеминималды мөлшерлемеден аз болмауы тиіс. Минималды мөлшерлеме ($\min i'$) Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақы есептеуге қолданылған кепілді кірістен аяқталған (есептік) қаржы жылындағы нақты инвестициялық кірістің артуынан елу пайызды құрайды.

$$\min i' = 50\% * (i_f - i_g), \quad (3)$$

мұндағы

i_f - аяқталған қаржы жылындағы нақты инвестициялық кіріс (пайызбен, жылдармен) (инвестициялық ортфельдің нақты кірісі);

i_g - Сақтандыру шарты бойынша сыйлықақы есептеуге қолданылған кепілді кіріс (пайызбен, жылдармен).

4–тарау. Бонустық сақтандыру сомасы мен бонустық сатып алу сомасы

19. Бонустық сақтандыру сомасын, сонымен қатар бонустық сатып алу сомасының мөлшерін есептеуді Компанияның актуарийі жүргізеді, ол өз қызметін қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы негізінде жүзеге асырады.

20. Бонустық сақтандыру сомасы келесі формула бойынша Сақтандыру шартының жылдығына есептеледі (сақтандыру дивиденді болған жағдайда) (4):

$$BS_m = \frac{Div_{x+m}}{A_{x+m:n-m} + \gamma * \ddot{a}_{x+m:n-m}}, \quad (4)$$

мұндағы:

$A_{x+m:n-m} = v^{(n-m)} * 1/4 * (1 + v + v^2 + v^3)$ - оқуын сақтандырған жағдайда сақтандыру кезеңіне m жыл өткен соң бонустық сақтандыру сомасының күтілетін қазіргі уақыттағы құны;

$A_{x+m:n-m} = v^{(n-m)}$ - сақтандыруды мерзім соңында төлеген жағдайда, сақтандыру кезеңіне m жыл өткен соң бонустық сақтандыру сомасының күтілетін қазіргі уақыттағы құны;

$\ddot{a}_{x+m:n-m} = 1 + \sum_{k=m+1}^{n-m-1} v^k * {}_kP_{x+m}$ - сақтандыру кезеңіне m жыл өткен соң әкімшілік шығындардың күтілетін қазіргі уақыттағы құны;

q_x - Сақтандырылған тұлғаның x жастан $x+1$ жасқа дейін қайтыс болу ықтималдығы;

$p_x = 1 - q_x$ - Сақтандырылған тұлғаның x жастан $x+1$ жасқа дейін өмір сүру ықтималдығы;

BS_m - сақтандыруға m жыл өткен соң анықталатын бонустық сақтандыру сомасы;

Div_{x+m} - сақтандыруға m жыл өткен соң анықталатын сақтандыру дивиденді;

x - сақтандыру кезеңінің басындағы Сақтандырылған тұлғаның жасы (жылдармен);

n - Сақтандыру шарты шығарылған күннен бастап Сақтандыру шарты әрекет етуін аяқтаған күнге дейін;

m - сақтандыру кезеңінің басынан (жылдармен) қолданыстағы Сақтандыру шарты бойынша Сақтандыру шартының жылдығына сақтандыру дивидендін бөлгенге дейін өткен кезең;

$v = \frac{1}{1+i}$ - дисконттау коэффициенті;

i - Сақтандыру шартын шығару күні сыйлықақыны есептеу (пайызбен) кезінде қолданылатын кепілдік берілетін пайыздық кіріс мөлшерлемесі;

γ - Сақтандыру шартын шығару күні сыйлықақыны есептеу (пайызбен) кезінде қолданылатын бонустық сақтандыру сомасынан әкімшілік шығындар.

21. Бонустық сатып алу сомасы сақтандыру дивиденді бар болған жағдайда Сақтандыру шартының жылдығына есептеледі.

22. Бонустық сатып алу сомасы келесі формула бойынша есептеледі (5):

$$BCV_{x+m} = VB_{x+m} - (BS_m - VB_{x+m}) * \delta, \quad (5)$$

мұндағы:

BCV_{x+m} - сақтандыру дивидендін бөлу күніне бонустық сатып алу сомасы;

x - сақтандыру кезеңінің басындағы Сақтандырылған тұлғаның жасы (жылдармен);

m - сақтандыру кезеңінің басынан (жылдармен) қолданыстағы Сақтандыру шарты бойынша Сақтандыру шартының жылдығына сақтандыру дивидендін бөлгенге дейінгі кезең

BS_m - Сақтандыру шартының жылдығына бағаланған бонустық сақтандыру сомасы;

VB_{x+m} – Сақтандыру шартының жылдығына есептелген бонустық сақтандыру резерві;

δ - Сақтандыру шартын шығару күні сыйлықақы есептеуде қолданылатын алу коэффициенті.

23. Бонустық сақтандыру резервін бағалау Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сонымен қатар кіріс мөлшерлемесін, өлім кестесін және Сақтандыру шартын шығару күнге сыйлықақы есептеу кезінде қолданылатын өзге өлшемдерді ескере отырып жүргізіледі

24. Кіріс мөлшерлемесі, өлім кестесі және есептеуде қолданылатын өзге өлшемдер Сақтандыру шартын жасау кезінде (Сақтандыру шартын шығарған күні) қолданылатын көрсеткіштермен ұқсас келеді.

25. Сақтандыру шартының жылдығында есептелмеген (Сақтандыру шартының жылдығының m -мен және $(m+1)$ арасында) бонустық сатып алу сомасы келесі формула бойынша есептеледі (6):

$$BCV_{x+m+h} = BCV_{x+m} + \frac{h}{k}(BCV_{x+m+1} - BCV_{x+m}) \quad (6)$$

мұндағы

BCV_{x+m} - Сақтандыру шартының m -ші жылдығына сатып алу сомасы;

BCV_{x+m+1} - Сақтандыру шартының $(m+1)$ -ші жылдығына сатып алу сомасы;

h – нақты төленген мерзімді жарналардың саны;

k – Сақтандыру шартының талаптарына сәйкес бір жылдағы мерзімді жарналар саны ($k=1$ – жыл сайын, 2 – жарты жылда бір рет, 4 – тоқсан сайын, 12 – ай сайын).

5–тарау. Пайданы бөлу мерзімі

26. Сақтанушылар арасында бөлінетін Сақтандырушы пайдасының мөлшері туралы шешімді Сақтандырушының Директорлар кеңесі қабылдайды.

27. Сақтандырушы Сақтандырушының Директорлар кеңесі Сақтанушылар арасында бөлінетін Сақтандырушы пайдасының мөлшері туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде, сонымен қатар Сақтанушының сұратуы бойынша кез келген сұратылған күнге Сақтанушыға мынадай ақпарат береді:

- 1) Сақтанушыға есептелген сақтандыру ұйымының пайдасы туралы;
- 2) Сақтаншының жинақ сомасы туралы;
- 3) Есептік кезеңде пайда есептемеу себептері туралы (бар болса).